

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі келісімдерді жүзеге асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 маусым 1992 ж. N 540

1992 жылғы 13 наурызда Москва қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде ғылыми-техникалық ынтымақтастық, тікелей ғылыми-техникалық байланыс, ғылыми-техникалық объектілерді бірлесіп пайдалану, ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлап, олардың мамандығына қатысты құжаттарды нострификациялау саласындағы ынтымақтастық, стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімге қол қойылды.

Республиканың қабылдаған міндеттемесін орындау және қол қойылған келісім беретін мүмкіндіктерді республиканың ғылыми-техникалық потенциалын дамытуға сарқа пайдалану мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының, мекемелері мен ұйымдарының ТМД шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық келісімін іске асыру жөніндегі жұмысын N 1-5 қосымшаларға сәйкес ұйымдастырудың негізгі ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, мекемелері мен ұйымдарының аталған келісімді жүзеге асыруға қатысуы ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін мемлекетаралық басқа да түрлеріне бөгет жасамайды деп белгіленсін.

(3-тармақ) <*> .

Ескерту. 3-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 15.12.1994 ж.

N 1413 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқарманың бастығы М.Е. Адайбеков жолдас Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық кеңестегі өкілетті өкілі болып бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының тиісті келісімге қол қоймаған ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен ғылыми-техникалық ынтымақтастығы олармен ТМД шеңберінде бұрын жасалған ғылыми-техникалық келісімдерге және Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін екі жақты немесе көпжақты келісім жасау жолымен іске асырылады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Мемэкономкомымен, Ғылым

академиясымен, республиканың басқа да мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне қолданылып жүрген заңды, республика үкіметінің шешімдерін және ведомстволық нормативтік актілерді жасалған келісімдерге сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс регламенті мен жұмыс тобының құрамы, сондай-ақ ынтымақтасушы жақтар арасында тікелей ғылыми-техникалық байланыстар орнату туралы үлгі шарттар мен

келісімдер әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

7. Республиканың министрліктері мен ведомстволары осы қаулыны және қоса беріліп отырған келісімдердің текстін ведомствоға бағынатын барлық мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізетін болсын

<*>

<*>

Келісім берілмейді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 22 маусымдағы
N 540 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері мен
ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ғылыми-техникалық
ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру жөніндегі
жұмысын ұйымдастырудың
Негізгі ережелері

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі,

Мемэкономкомы, Ғылым академиясы республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының қатысуымен жыл сайын белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

бірлесіп жүргізілген іргелі зерттеулерді қолдау;

келіссөзге қатысушы елдер пәтуаласқан ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыты бойынша халықаралық ғылыми-техникалық байланыстарды үйлестіру;

республиканың қабылданған шешімдерді кейіннен Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңестің қарап талқылауы үшін кадрмен қамсыздандыру мәселелерін қоса мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларды, қажетті техникалық-экономикалық негіздемесі бар басқа да бірлескен ғылыми зерттеулер мен ізденістерді әзірлеуге қатысуы жөнінде;

ғылыми-техникалық саясаттың қалыптасуына және іске асуына жауапты Қазақстан Республикасының басқару органдары мен келісімге қатысу басқа да мемлекеттердің тиісті органдары арасында консультация өткізу мен ақпарат алмасу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі, Меммүліккомы, Мемэкономкомы, Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Әділет министрлігі қолданылып жүрген заңға талдау жасайды және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің шешімін қажет ететін мәселелер бойынша мемлекетаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысушы республиканың барлық ұйымдарының, кәсіпорындары мен азаматтарының тең хұқы мен жауапкершілігіне кепілдік беретін хұқылық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ғылыми-техникалық қызметті реттейтін хұқылық нормалардың Келісімге қатысушы мемлекеттердің нормаларына сай келетіні жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі жанындағы Бас мемлекеттік ғылыми-техникалық сарап пен Қазақстан Республикасының Экология және биологиялық ресурстар министрлігі жанындағы Бас мемлекеттік экологиялық сарап Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми-техникалық прогресін басқару органдарының тиісті бөлімшелерімен ірі ұлттық және мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың тәуелсіз ғылыми-техникалық және экологиялық сарабын өткізуді ұйымдастыруда тікелей жұмыс жүргізеді.

4. ТМД шеңберіндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық ынтымақ органдарындағы Қазақстан Республикасының өкілеті өкілдері осы органдардың жұмысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұдайы, бірақ тоқсан ішінде бір реттен кем емес, мәлімет беріп отырады және олар қабылдаған шешімдерді іске асыру жөнінде тиісті ұсыныстар енгізеді.

5. ТМД шеңберінде мемлекетаралық ғылыми-техникалық ынтымақ органдарындағы Қазақстан Республикасының өкілетті өкілдері аталған органдардың секретариаттарындағы немесе жұмысшы комиссияларындағы тұрақты өкілдерін дербес тағайындайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 22 маусымдағы
N 540 қаулысына
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы министрліктері мен
ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының ТМД
шеңберіндегі тікелей ғылыми-техникалық байланыс туралы
келісімді жүзеге асыру жөніндегі жұмысын ұйымдастырудың
Негізгі ережелері

1. Қазақстан Республикасының ғылыми мекемелері мен ғылыми қызметкерлерінің ТМД шеңберіндегі тікелей ғылыми-техникалық байланыстары Қазақстан Республикасының "Ғылым және ғылыми-техникалық саясат туралы" Заңының 16, 17, 20, 21, 39-42-баптары негізінде және соған сәйкес, сондай-ақ аталған келісімге сәйкес іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі, Ғылым академиясы, республиканың бағынысты ғылыми ұйымдары бар министрліктері мен ведомстволары осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми қызметкерлері, тиісті кәсіпорындары мен ұйымдары арасында тікелей ғылыми-техникалық байланыстар орнатып, дамытуды барынша қолдап отыруға міндетті.

3. Тікелей ғылыми-техникалық байланыстар мазмұны ТМД шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы мемлекетаралық келісімге, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ынтымақтасушы жақтардың арасындағы шартпен немесе келісіммен нығайтылады.

4. Осы қаулының 6-бабына сәйкес жасалған және Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңес мақұлдаған шарттар мен келісімдердің үлгілік түрлерін пайдалану ұсынылады.

5. Қазақстан Республикасының ғылым және жаңа технология министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп ТМД шеңберінде тікелей ғылыми-техникалық байланыстың жай-күйінде ұдайы талдау жасап отырады және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің шешімдерін қажет ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы территориясында осы байланыстарды орнату үшін қолайлы хұқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдай жасау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі өнеркәсіптік меншік пен "ноу-хау" объектілерінің экспорты мен импортына лицензияны тек шет елдерге оның ішінде ТМД шеңберінде ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қоймаған ТМД-ға мүше елдерге де бере алады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 22 маусымдағы
N 540 қаулысына
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері мен
ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының
ТМД шеңберінде ғылыми-техникалық объектілерді
бірлесіп пайдалану туралы келісімді жүзеге асыру
жөніндегі жұмысын ұйымдастырудың
Негізгі ережелері

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қатысуымен және

Қазақстан Республикасының Меммүліккомының келісімімен:

бастапқы кезеңде екі айлық мерзімде келісімнің 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы территориясындағы бірлесіп пайдалану объектісінің статусы берілген негізгі ғылыми-техникалық кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесін анықтайды;

жыл сайын белгіленген мерзімде Келісімге қатысушылардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының Қазақстан Республикасының территориясында бірлесіп пайдаланылатын қосымша ғылыми-техникалық объектілер жөніндегі ұсыныстарын қарайды, бұдан кейін олар бойынша қабылданған шешімдер Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңеске енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының қатысуымен:

бастапқы кезеңде екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық прогресінің басым бағыттары бойынша зерттеу жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет ресурстар мен қызмет нәтижесін бірлесе отырып пайдаланатын келісімге қатысушы басқа мемлекеттер территориясындағы негізгі ғылыми-техникалық объектілер тізімін анықтап, келісу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді;

жыл сайын белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің келісуімен Келісімге қатысушы басқа мемлекеттер территориясындағы бірлесіп пайдаланылатын қосымша ғылыми-техникалық объектілер жөнінде ұсыныстар әзірлеп, қабылданған шешімдерді Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңестің қарауына енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан бірлесіп пайдаланылатын негізгі ғылыми-техникалық объектілері (орталық кітапханалар, белгіленген тәртіппен бекітілген тізім бойынша мемлекеттік ғылыми-ақпарат жүйелері мен ресурстары) Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне, олардың Жарғыларына сәйкес өздігінен қызмет атқаратын тәртіппен жұмыс істейді және Қазақстан Республикасы есебінен шарттық негізде басқа да қосымша қаржыландыру көздерін тарту арқылы материалдық-қаржы ресурсымен қамтамасыз етіледі.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі, Қаржы министрлігі, Материалдық ресурс министрлігі Қазақстан Республикасының территориясындағы бірлесіп пайдаланылатын қосалқы ғылыми-техникалық объектілерді жыл сайын шарттық негізде мемлекеттік тапсырыс түрінде, сондай-ақ қаржыландыру мен материалдық ресурстардың басқа да түрлерін тарту арқылы жұмыстың мақсатты сипатына және республиканың талап-тілегіне сай келетін үлесте (көлемде) қаржымен және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету ісін

жүзеге асырады.

5. Аталған келісімнің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының территориясында, сондай-ақ Келісімге қатысушы басқа мемлекеттердің территорияларында орналасқан бірлесіп пайдаланылатын қосалқы объектілерді қаржыландыру, іске қосу және қызметінің нәтижесін пайдалану меншіктің түрлеріне карамастан осы объектілердің меншік иелерінің арасында шарттық негізде жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан бірлесіп пайдаланылатын негізгі және қосалқы ғылыми-техникалық объектілердің, сондай-ақ тиісті жарақтардың аталған объектілерді қаржыландыру, іске қосу және қызметінің нәтижесін пайдалану туралы шарттарын есепке алып, тіркеп отырады.

Қазақстан Республикасының мүддесіне нұқсан келген жағдайда Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігінің, Меммүліккомының Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан бірлесіп пайдаланылатын ғылыми-техникалық объектіні іске қосу мен қызметінің нәтижесін пайдалану туралы шарттың күшін тоқтатуға немесе белгіленген тәртіппен оның бұзылғаны жөнінде ұсыныс енгізуге қақы бар.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 22 маусымдағы
N 540 қаулысына
N 4 қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының ТМД шеңберіндегі ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау және олардың мамандығы жөніндегі құжаттарды нострификациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру жұмысын ұйымдастырудың

Негізгі ережелері

1. Республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының, ғылыми ұйымдарының, білім беру мекемелерінің, басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау және ТМД шеңберінде олардың мамандығы жөніндегі құжаттарды нострификациялау саласындағы ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңының 42-45 баптарының, "Қазақстан Республикасының Ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Заңының 33, 34-статьяларының, сондай-ақ аталған Келісімнің негізінде және соларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ғылым академиясы, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Мемэкономкомы, Жоғары аттестация комиссиясы:

жоғары білім мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау мен аттестациялауға қойылатын ұлттық тұжырымдамалар мен талаптарды Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті ұлттық тұжырымдамаларымен және талаптарымен келісіп алу жөнінде (Келісімнің 1-бабы);

республика үшін базалық ғылыми мамандықтардың тізбесі жөнінде (Келісімнің 6-бабы);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының тиісті органдары республика территориясында қолданылатын ережеге сәйкес ғылыми және ғылыми-педагог кадрлардың мамандығын растау жөнінде талап қоя алатын мамандықтар тізімі жөнінде (Келісімнің 9-бабы) ұсыныстар әзірлеп, екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі, Ғылым академиясы, Білім министрлігі, Жоғары аттестация комиссиясы республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен, кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірлесіп Мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларды кадрлармен қамтамасыз ету, жоғары ғылыми маман кадрлардың мақсатты даярлау мен ғылыми қызметкерлерді тағылым алудан өткізу мәселелерін ұдайы қарап отырады және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңеске тиісті ұсыныстар енгізеді (Келісімнің 2-бабы).

4. Қазақстан Республикасының барлық министрліктері мен ведомстволары, кәсіпорындары мен ұйымдары бұрынғы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Жоғары аттестация комиссиясы, сондай-ақ бұрынғы КСРО-ның басқа да министрліктері мен ведомстволары өткізген ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау нәтижесін жарамды деп танитын болады.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Мемэкономкомы, Ғылым академиясы, Жоғары аттестация комиссиясы, Әділет министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және

ведомстволарымен, ғылыми ұйымдарымен және жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, республиканың қазіргі заңдары мен нормативті актілерінде талдау жасайды және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің шешімін керек ететін мәселелер бойынша Келісімге қатысушы барлық мемлекеттер үшін республика территориясындағы ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлауда заңды ұйымдар мен жеке адамдардың бірдей хұқылары мен жауапкершілігіне кепілдік беретін хұқылық экономикалық және ұйымдастырушылық шарттар жасау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Жоғары аттестация комиссиясы, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Білім министрлігі, Ғылым академиясы, Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, 1993 жылдың 1 қаңтарына дейін ғылыми және ғылыми-педагог кадрлардың мамандығы туралы құжаттарды нострификациялаудың тәртібі мен шарттары жөнінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары білім туралы дипломды, ғылыми дәреже мен атақ туралы дипломдар мен аттестаттарды мойындау туралы халықаралық аймақтық конвенцияға қосылуы жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізеді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 22 маусымдағы
N 540 қаулысына
N 5 қосымша

Қазақстан Республикасының министрліктері мен
ведомстволарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының
Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында
бірлескен саясат жүргізу туралы Келісімді жүзеге
асыру жөніндегі жұмысын ұйымдастырудың
Негізгі ережелері

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен, Ғылым және жаңа технология министрлігімен, Өнеркәсіп министрлігімен, республиканың басқа да мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен, кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірлесе отырып, жыл сайын белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне аталған Келісім шеңберінде де, сондай-ақ екіжақты немесе көпжақты шарттар, бағдарламалар және техникалық жобалар негізінде де қабылданған шешімдерді кейіннен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекеттік кеңеске енгізу үшін стандарттау, метрология және сертификаттаудың хұқылық, экономикалық және ұйымдастыру мәселелерінің келісілген шешімі жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқармасы аталған келісімге қол қоймаған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ басқа мемлекеттердің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі органдарымен қызметтің осы саласындағы әрбір нақты бағыт бойынша екі жақты немесе көп жақты мемлекетаралық немесе ведомствоаралық келісімдер негізінде тікелей ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3. Келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма республиканың келісімге қатысушы елдермен келісілген саясат бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы жалпы бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысының өзіндік бөлігін анықтап алған соң республиканың Министрлер Кабинетіне бұл жұмыстарды қаржыландырудың көлемі мен көздері жөнінде ұсыныстар енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма Келісімге қатысушы елдермен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ұлттық заңдар мен нормативті актілерді үйлестіруде тұрақты жұмыс атқарады және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар енгізеді.